

№ 3 әдістемелік кеңестің хаттамасы

17.01.2025

Қатысқаны: 29

Тақырыбы:

«Мектепке дейінгі ұйымдарда жобалау қызметін ұйымдастыру»

Күн тәртібінде:

1. «Мектепке дейінгі ұйымдардағы жобалау зерттеу әдісі. Жобаларды топтастыру» (әдіскер И.А.Джаналилова);
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамыту тәсілдері» (әдіскер И.А.Джаналилова);
3. «Түрлі жас топтарында балалармен жобалау әрекеті бойынша жұмысты ұйымдастыру» (әдіскер И.А.Джаналилова);
4. Практикалық тапсырма. (әдіскер И.А.Джаналилова).

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1.Бірінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джаналилова «Мектепке дейінгі ұйымдардағы жобалау зерттеу әдісі. Жобаларды топтастыру» тақырыбы бойынша түсіндірді:

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесіне зерттеу әдістерін енгізу – баланың жаратылысына және оқытудың заманауи міндеттеріне неғұрлым толық сәйкес келетін танымның негізгі бағыттарының бірі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар айқындалған, олар:

- ұлттық дәстүрлерге, сондай-ақ жалпы адамзаттық қағидалар мен нормаларға негізделген рухани-адамгершілік және мәдени-әлеуметтік құндылықтарды қалыптастыруға;
- балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық жағдайларды жасауға;
- жеке тәсілдер негізінде балалардың түрлі іс-әрекеттерінде олардың қабілеттерін, бейімділіктерін, талаптары мен дарындылықтарын дамытуға;
- бастапқы тең мүмкіндік беруді көздейтін қарапайым қимыл-қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық білім, білік және дағдыларын қалыптастыруға;
- мектепке дейінгі ұйымның ата-аналармен ынтымақтастығына бағытталған.

Стандарт: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын; заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның мазмұнына, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды айқындайды. Стандарт талаптары баланың қызығушылықтары мен бейімділіктерін іске асыруға бағытталған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын (бұдан әрі-Үлгілік бағдарлама) іске асыру кезінде міндетті. Үлгілік бағдарламаға сәйкес әрбір білім беру салаларының ұйымдастырылған оқу қызметтерінің мазмұны күтілетін нәтижелер түріндегі оқыту мақсатынан тұрады.

Белгіленген мақсаттар, мысалы, педагогтарға мектепке дейінгі ересек жастағы балалармен жобалау зерттеу әрекетін ұйымдастыруға және балалардың жетістіктерін келесі өлшемдер бойынша бағалауға мүмкіндік береді:

- қажетті ақпаратты түрлі дереккөздерден алады;
- өзіне айтылған сөздерді тыңдайды және түсінеді, әңгімені қолдайды, сұрақтарға жауап береді және сұрайды, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстайды, сөйлегенде сөздерді және тілдік этикетті қолданады;
- таныс материалдармен эксперимент жасай алады, себеп-салдар байланыстарын орната біледі;
- шарты бойынша, ойдан табиғи және қалдық материалдардан заттар құрастырады;
- жұмыс тәсілдерін таңдайды және негіздейді; заттардың саны және шамасы бойынша арақатынастарын көрсететін математикалық терминдерді қолданады;
- өзін-өзі көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттерін танытады;
- өз ойын айта алады, өзгелердің пікірін тыңдай біледі;
- адамның табиғатты қалай сақтауға болатыны туралы қорытынды жасайды;
- әртүрлі материалдардың қасиеттері мен белгілері және олардың қолданылуы арасындағы байланыстарды орнатады.

Жобаларды топтастыру: қатысушылардың құрамы бойынша:

- жеке жобалар (бейнелеу және сөздік шығармашылықта);
- бір топтың балаларымен («Дені саудың жаны сау», «Достық көмек»);
- бірнеше топтың балаларымен («Айналамыздағы өсімдіктер», «Жануарлар әлемі» және т.б.);
- мектепке дейінгі ұйымның барлық балаларымен («Менің балабақшам», «Менің Қазақстаным»);

Мақсатқа бағытталуы бойынша:

- зерттеу-шығармашылық («Су әлемі», «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»);
- рөлдік ойын («Театр әлемі», «Сүйікті ойыншықтар»және т.б.); - шығармашылық («Ертегілер елінде», «Ғажайып қыс»және т.б.);
- ақпараттық («Отан қорғаушылар», «Туған күн» және т.б.).

Перспективалық жоспарға сәйкес өтпелі тақырыптарды зерделеу барысында балалар үй жануарларының төлдерін, гүлдерді, өсімдіктерді, жәндіктерді бақылайды, экологиялық жобаларды орындайды және өз зерттеуінің нәтижесінде сұрақтарға жауап береді. іске асыру Мерзімі бойынша:

- қысқа мерзімді (1 – 3 апта);
- орта мерзімді (бір айға дейін);
- ұзақ мерзімді (1 айдан бірнеше айға дейін).

Әрекет түрлері бойынша:

- зерттеу-шығармашылық (нәтижелерді газет, драматизация, балалар дизайні (макеттер және үлгілер) түрінде безендіру);
- рөлдік ойын (балалар ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне енеді және мәселелерді өздері шешеді);
- ақпараттық (балалар ақпарат жинайды және оны іске асырады);
- шығармашылық (жұмыс нәтижесін балалар мерекесі, балалар дизайні түрінде безендіру және т.б.).

2. Екінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамыту тәсілдері» тақырыбы бойынша түсіндірді:

Мектеп жасына дейінгі балалардың жобалау әрекеті балалар жоспарлау және біртіндеп күрделенетін тәжірибелік тапсырма-жобаларды орындау арқылы күнделікті өмірге қажетті іс-әрекет тәжірибесінен алатын әрекетті қамтиды. Танымдық және интеллектуалдық қабілеттерді дамытуға зерттеу әрекетінің ықпалы баланың тәжірибелік және ақыл-ой сипатындағы әрекеттерді (мәселені анықтау, орындалу барысын жоспарлау, ақпарат іздестіру, мәселені шешу) игеру деңгейімен анықталады.

Заманауи білім берудің маңызды міндеттерінің бірі - мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамыту. Балалар ойлап шығаруға, түсінуге, жаңаны игеруге, өз ойларын айтуға, шешім қабылдауға, бір-біріне көмектесуге, мүмкіндіктерін сезінуді үйренетін жобаларға қатыстырылуы тиіс. Білім беру салаларын кіріктіру арқылы қоршаған орта туралы тұтастай түсінік қалыптасады.

Психологтар (Выготский Л.С., Запорожец А.В., Эльконин Д.Б., Поддьяков Н.Н.) мектепке дейінгі жаста ақыл-ой қарқынды дамитынын, біртіндеп оның даму қарқыны баяулайтынын атап көрсетті. Сондықтан, таным қабілеттерін дамыту үшін балалардың әлеуетті мүмкіндіктері барынша қолданылуы тиіс. ҚазМемҚызПУ профессоры А.Д.Сыздықбаеваның, п.ғ.д. С. Н. Жиенбаеваның ғылыми еңбектерінде жобалау әрекетін мектеп жасына дейінгі баланың даралығын ашатын, қызығушылығын және сұранысын іске асыратын инновациялық ерекше құбылыс ретінде қолдану туралы айтылады. Таным қабілеттерін дамытуға қабылдау, ес және зейін ықпал етеді. Балалардың танымдық процестерін дамыту оларды мектепке дайындауға және әрі қарай табысты оқуына, интеллектуалдық дамуына қажет.

Жобалау әрекеті барысында балалар ересектермен және құрдастарымен танымдық-практикалық міндеттерді шеше отырып, сөздік қорларын байытады, кәсіпшілік алдында сөйлеуге (өлеңді мәнерлеп оқу, жаңа мәліметтер туралы әңгімелеп беру), айналасындағылармен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Балалардың жобаны іске асыру барысында игерген білімдері олардың жеке тәжірибесінің игілігіне айналады. Эксперимент жасауда бала сұраққа жауап іздей отырып, танымдық, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттері дамиды. Мектепке дейінгі ұйымда жобалау әрекетін ұйымдастыру педагогтарға қолданылатын инновациялық әдістер мен технологияларды, балалар мен ата-аналардың, тәрбиешінің арасындағы өзара әрекетті кеңейтуге мүмкіндік береді; балалардың бойында белсенділік, дербестік қалыптасады. Жобалау технологиясын мектепке дейінгі ұйымда іске асыру үшін педагогтардың жобалау әрекеті мазмұны мен маңызы туралы білетіндерін зерделеп алу қажет. Мысалы, сауалнама жүргізу (ІҚосымша).

Сауалнама нәтижелеріне талдау жасап, келесі тақырыптар бойынша кеңестер ұйымдастыру:

«Мектепке дейінгі ұйым жағдайында жобалау технологиясын қолдану», «Жобалау әрекеті кезеңдері».

«Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыта оқытудың жобалау әдісі»;

семинар-практикум «Ересек мектеп жасына дейінгі балалармен жобалау зерттеу әрекетін ұйымдастыру», «Жобаны таныстырудың интерактивті түрлері» және т.б.

Психология-педагогикалық жағдайлардың мектепке дейінгі білім беру жүйесінің жаңартылған мазмұны жағдайында жобалау зерттеу әрекетін енгізуге даярлығы туралы айтқанда, педагогтардың әр баланың дамуына жағдай жасауына, іс-әрекет барысында ересектердің балалармен тең құқықты деңгейде, олардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, өзара әрекет жасауына саналы түрде қарау керектігін атап өткен жөн. Жобалау зерттеу әрекетін тиімді қолдану балалардың шығармашылық жұмыстарды орындауға ұмтылысын көрсететін танымдық, тұлғалық дамуына елеулі өзгерістерді әкеледі.

Осылайша, жобалау зерттеу әрекеті барысында баланың:

- интеллектуалдық қабілеттері (ақпаратпен жұмыс жасай білу, ақпараттық кеңістікте бағдарлай алу, білімді жүйелендіру, негізгі ойды бөліп көрсету, болжамды және оның шешімін талдау, жалпылау және қорытынды жасай білу);

- шығармашылық қабілеттері (пікірін түрлендіре білу, мәселені шешудің бірнеше нұсқаларын тауып, оның ішінен неғұрлым тиімдісін таңдап алу, қабылданған шешімдердің нәтижесін болжау, туындаған мәселені көре білу);

- коммуникативтік қабілеттері (әңгімелесе білу, әңгімелесушіні тыңдау және есту, өз көзқарасын дәлелдеу, әңгімелесушімен келісімге келу, өз ойын айта білу, ақпарат алу дереккөздерін таба білу) дамиды.

3. Үшінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова «Түрлі жас топтарында балалармен жобалау әрекеті бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыбы бойынша түсіндірді:

Жоба дегеніміз – нақты әлеуметтік нәтижесі бар, дербес және ұжымдық шығармашылықпен аяқталған жұмыс.

Жобалау әдісі- балалар жоспарлау және үнемі күрделеніп отыратын тәжірибелік тапсырмаларды орындау барысында білім алатын оқыту жүйесі. Кез-келген жобаның негізінде қандай да бір мәселе болады және оны шешу үшін зерттеушілік ізденіс талап етіледі.

Жобалау әрекетінің құрылымы келесі кезеңдерден тұрады: мәселені анықтау; орындалу барысын жоспарлау; ақпарат іздестіру; мәселені шешу; таныстыру және жасалған материалдар жинақталатын портфолио (фото, суреттер, альбомдар, үлгілер және т.б.).

Жобалау әрекеті бойынша балалармен жұмысты ұйымдастыруда заттық-дамытушы ортаны қалыптастыру, онда:

- құралдарға арналған орын: лабораториялық ыдыстар, таразылар, сумен ойналатын ойындарға арналған сыйымдылығы әртүрлі кәлемді және пішінді ыдыстар;
- табиғи материалдарды сақтауға арналған орын: қол жуғыштар, тастар, балшық, құм, кесілген ағаштар мен жапырақтар, тұқым және т.б.;
- қалдық материалдарды сақтауға арналған орын: сым, былғары, тері, мата бәліктері, тығын;
- тәжірибе жүргізуге орын (құм, су, пенопласт және т.б. қойылған бұрыш және т.б.) болуы тиіс.

Кіші мектепке дейінгі жастағы балалармен жүргізілетін жұмыс қоршаған ортаның құбылыстарымен және нысандарымен таныстыру барысында сенсорлық дамуы үшін қажетті жағдай жасауға бағытталады.

Оқыту міндеттері:

- зерттеу әрекетіне қызығушылық тудыру;
- балаларды таным процесіне қатыстыру;
- зерттелетін материал туралы түсініктер қалыптастыру.

Балалармен жүргізілетін зерттеулер оларда: материалдар (құм, балшық, қағаз, мата, ағаш); табиғат құбылыстары (қар жауу, жел, күн, су; желмен, қармен ойындар);

- өсімдіктер әлемі (өсімдіктерді тұқымнан және түйнектен өсіру әдісі);
- заттар әлемі (киім, аяқ киім, кәлік, ойыншықтар) туралы түсініктердің қалыптасуын болжайды.

Эксперимент барысында балалардың белсенді сөздік қоры сенсорлық белгілерді, құбылыстардың қасиеттерін немесе табиғат нысандарын білдіретін сөздермен (түс, пішін, көлем: мыжылады - сынады, жоғары – төмен - алыс, жұмсақ - қатты – жылы және т.б.) толықтырылады.

Зерттеу аймағындағы құрал-жабдықтар: құм, балшық; суда ойнауға арналған резина және пластмасса ойыншықтар жиынтығы; сабын көпіршігімен ойнауға арналған материалдар; тағамдық және тағамдық емес бояғыштар (гуашь, акварель бояулары және т.б.); ірі бұршақ, үрме бұршақ, бұршақ тұқымдары. Қарапайым құралдар: лупалар, су құюға арналған ыдыстар, қалдық материалдар: жіп, арқан, жиектеме, қыстырғыштар, тығындар және т.б.

Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті ойын болғандықтан, балаларды жобалау зерттеу әрекетіне тарту кіші жастан бастап рөлдік ойындарды және шығармашылық жобаларды қолданудан басталады: «Сүйікті ойыншықтар», «Дені саудың- жаудың сау» және т.б. Мектепке дейінгі кіші жаста жобаны тандауды тәрбиеші балалардың қызығушылығын немесе диагностика мәліметтерін негізге алып, жүзеге асырады. Балалар әрекеттерді ересектің тікелей ұсынысымен немесе оған еліктеп орындайды. Ортаңғы мектепке дейінгі жас Осы жас тобындағы балалармен

жүргізілетін жұмыс балалардың қоршаған орта құбылыстары мен нысандары туралы түсініктерін кеңейтуге бағытталған.

Эксперимент барысында педагогтардың шешетін негізгі міндеттері:

- балалардың ойын және практикалық әрекеті тәжірибесін қолдану;
- атқарымдық белгілері бойынша нысандарды топтастыру;
- ұқсас белгілері бойынша нысандар мен заттарды топтастыра білу.

Балалармен жүргізілетін зерттеулер, оларда: материалдар (балшық, ағаш, мата, қағаз, металл, шыны, резина, пластмасса);

табиғат құбылыстары (жыл мезгілдері, табиғат құбылыстары, өлі табиғат нысандары - құм, су, қар, мұз;

түрлі -түсті мұздармен ойындар игры);

жануарлар әлемі (қыста, жазда аңдар қалай тіршілік етеді) және өсімдіктер (көкөністер, жемістер), олардың өсіп-өнуіне қажетті жағдайлар (жарық, ылғал, жылу); заттық әлем (ойыншықтар, ыдыс, аяқ киім, көлік, киім және т.б.);

геометриялық пішіндер (дөңгелек, тік төртбұрыш, үшбұрыш, призма);

адам ағзасының құрылысы туралы («Өзім туралы») түсініктердің қалыптасуын болжайды.

Эксперимент барысында балалардың сөздік қоры нысандар мен құбылыстардың қасиеттерін білдіретін сөздер есебінен толықтырылады. Бұл топта геометриялық пішіндерді (дөңгелек, тік төртбұрыш, үшбұрыш, призма) салыстыруда заттардың белгілері мен қасиеттерін анықтауға мүмкіндік беретін құрылыс ойындары белсенді түрде қолданылады. Зерттеу аймағындағы құрал-жабдықтар: құм, балшық; ірі бұршақ, үрме бұршақ, бұршақ тұқымдары; суда ойнауға арналған резина және пластмасса ойыншықтар жиынтығы; сабын көпіршігімен ойнауға арналған материалдар; тағамдық және тағамдық емес бояғыштар (гуашь, акварель бояулары және т.б.); кейбір азық-түлік өнімдері (қант, тұз, крахмал, ұн).

Қарапайым құралдар: лупалар, су құюға арналған ыдыстар, қалдық материалдар: жіп, арқан, жиектеме, қыстырғыштар, тығындар және т.б. Көрінетін жерге осы жастағы балаларға арналған танымдық сипаттағы кітаптар; тақырыптық альбомдар; әртүрлі өсімдіктердің тұқымы, бүршіктер, ұсақ тастар; мата, қағаз, түймелер, тастар, шыныдан жасалған заттар және т.б. қойылады.

Ересек мектепке дейінгі жас эксперименттің негізгі міндеттері:

- тәжірибелік әрекетте зерттеу нәтижелерін белсенді қолдану;
- салыстыру негізінде заттардың ұзындығы, пішіні (шарф - орамал – үшкіл орамал), түсі (тостағандар: бір түсті- түрлі-түсті), материалы (жібектен, жүннен тоқылған көйлек), тығыздығы (ойын «Заттың қасиеттері мен сапасын кім көп атайды?») бойынша топтастыру.

Осы жаста балалар мәселені түсінеді, мақсатты анықтайды, әрекеттің нәтижесіне қол жеткізу үшін қажетті құралдарды таңдай алады. Балалармен жүргізілген зерттеулердің негізгі мазмұны оларда: материалдар, табиғат құбылыстары және тәулік бөліктері, судың агрегаттық күйі, өсімдіктер әлемі, өсімдіктер бұтақтарын қарастыру және салыстыру (түс, пішін, бүршіктердің орналасуы; гүлдерді және басқа өсімдіктерді салыстыру); заттар әлемі, геометриялық эталондар (сопақша, ромб, трапеция, призма, конус, шар) туралы түсініктердің қалыптасуын болжайды. Эксперимент барысында балалардың сөздік қоры нысандар мен құбылыстардың қасиеттерін білдіретін сөздер есебінен толықтырылады. Сондай-ақ балалар омонимдермен, көп мағыналы сөздермен, синонимдермен (әдемі, әсем, сұлу), антонимдермен (ауыр – жеңіл, қатты-жұмсақ), тұрақты сөз тіркесімен танысады.

Эксперимент бұрышында табиғи және қалдық материалдарды сақтауға, тәжірибелер жүргізуге және т.б. орын бөлінуі тиіс. Шағын топтардағы балалардың ұжымдық жұмысы әртүрлі рөлдік әрекетте өзін көрсетуге мүмкіндік береді. Ортақ іс балалардың коммуникативтік және адамгершілік қасиеттерін дамытады. Балалармен таңдалып алынған жобалар өтпелі тақырыптарға сәйкес барлық білім беру салалары арқылы кіріктіріледі.

А.Нуридин